Әділет

## Алматы каласының коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй емес ғимараттарды мүліктік жалау жөніндегі тарифтік ставкаларды бекіту туралы

*Күшін жойған*

I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XXIV сессиясының 1999 жылғы 12 наурыздағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасымен 1998 жылғы 05 сәуірде № 40 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы қалалық Мәслихатының II сайланған IV сессиясының 2000 жылғы 10 наурыздағы шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы қалалық Мәслихатының II сайланған IV сессиясының 10.03.2000 шешімімен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы» Қазақстан Рсспубликасы Заңының 40 бабыныц I тармағына, Алматы қалалық Әкімінің үсынысына сәйкес I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты

## ШЕШiМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қаласының меншігіддегі түрғын үй емес ғимараттарды мүліктік жалдау жөніндегі тарифтік ставкалар бекітілсін, беріліп отыр.
2. Алматы қаласының коммуналдық меншігін басқару жөніндегі департамент коммуналдық меншікке түгендеу жүргізсін, Алматы қаласының коммуиалдық меншігіндегі түрғын үй емес ғимараттарды жалға беруден жергілікті бюджетке ақша қаражатының дүрыс аударылуын қамтамасыз етсін.
3. Алматы қаласы бойынша табиғи монополияны реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттікпен келісім бойынша түрғын үй емес ғимараттарды мемлекеттік баға бойынша жұмыс істейтін кәсіпорындарға меншік нысанына қарамастан жалға берудің тарифтік ставкаларының көлеміне өзгеріс еңгізсін.

*I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты XXIV сессиясының төрағасы В. Югай*

*I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы Ж. Төрегеддинов*

I-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының 1999 жылғы 12 наурыздағы 24-сессиясының шешіміне қосымша

**Түргын емес гимараттарды мүліктік
жалдау жөнііщегі
тарифтік ставкалардыщ колемі**

| № | Жалгерлердің атауы | Жылына 1 м. квадрат үшін тарифтік ставкалардың көлемі АҚШ долларымен |
|---|---|---|
| 1 | Бюджеттік үйымдар | 0,25 |
| 2 | Өнеркәсіп құрылыс, көлік және байланыс кәсіпорындары | 6,0 |
| 3 | Почтамт | 2,0 |
| 4 | Сауда кәсіпорындары<br>Кітап<br>Нан<br>Ауыл шаруашылығы өнімдері | 2 3<br>1 0<br>5<br>5 |
| 5 | Материалдық-техникалық жабдықтау кәсіпорындары | 22 |
| 6 | Денсаулық сақтаудың, ағарту мен мөдениеттің мемлекеттік емес кәсіп-орындары | 2 |
| 7 | Қоғамдық үйымдар | 2 |
| 8 | Ресторан, монша, кафе | 30,0 |
| 9 | Коммуналдық түрмыстық қызмет кәсіп-орындары | 6,0 |
| 10 | Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары<br>Оқушылар, студенттер асханалары<br>Қала ауруханаларының | 1 5<br>0 , 5<br>0,5 |
| 11 | Жобалық, ғылыми-зерттеу институттары, біліктілікті арттыру курстары | 2,5 |
| 13 | Банктер, биржалар | 30,0 |
| 14 | Казино, ойын үйлері, бильярд ойнайтын жер | 70,0 |
| 15 | Қойма ғимараттары | 3,0 |
| 16 | Жоғарыда көрсетілмеген басқа үйымдар | 15,0, |

Жалдық төлемнен мына мемлекеттік ұйымдар босатылады: мектептер, бала бақшалар, мектеп интернаттары, балалар үйлері, жоғары оқу орындары, орта арнаулы оқу орындары, КТУ, әскери бөлімдер, ҰҚК, ІІМ, прокуратура және кеден қызметінің мекемелері.

**Ескертпе**: орналасқан жері мен жайлылығын ескеретін **коэффициенттер**: Әл-Фараби даңғылы (солтүстік жағы) - Қожамқүлов көшесі (шығыс жағы) - Райымбек даңғылы (оңтүстік жағы) - Қалдаяқов көшесі (батыс жағы) шекараларында орналасқан ғимараттар үшін - 2 коэффициенті қолданылады. Жартылай подвалды және подвалдық ғимараттар үпіін - **0,9**

Суық, ыстық суы, канализациясы жоқ ғиматаргар (немесе олардың біреуі жоқ болса) - **0,5**

Жайсыз және подвалды ғимараттарға "2" коэффициентті қолданылмайды.

*I сайланған Алматы қалалық Мәслихаты XXIV сессиясының төрағасы В. Югай*

*I сайланған Алматы қалалық Мәслихатының хатшысы Ж. Төрегеддинов*

*Коммуналдық меншікті басқару жөніндегі департаментің директоры А. Қасымов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК